

**БЕКБОСЫНОВА, А.Х., ОНАЛБАЕВА К.Е.  
ОБРАЗЫ ЖЕНЩИН И СКАКУНОВ В ГЕРОИЧЕСКИХ ЭПОСАХ**

*В статье раскрыты образы женщин и скакунов, встречающихся в героических эпосах, как основополагающая конструкция духовной жизни, которая определяет особенности мировосприятия, характера, ментальности, художественного творчества и истории народа.*

*Ключевые слова: красота, нежность, интеллект, спутница жизни, товарищ-партнер, вечная дружба.*

**BEKBOSYNOVA, A.KH., ONALBAEVA, K.E.  
IMAGES OF WOMEN AND HORSES IN THE HEROIC EPICS**

*Woman and Horsemanship is an enticing and entertaining decorations that beautifies the entire heroic epic, adds to the pear and opens its essence. The article analyses the image of a woman and a horse that is found in heroic epics and opens its meaning.*

*Keywords: beauty, tenderness, intelligence, life spouse, comrade-partner, eternal friendship.*

УДК 304,2

**Нурмагамбетова, Л.И.,**

*экономика ғылымдарының кандидаты,  
Дене шынықтыру спорт және туризм  
теориясы мен практикасы кафедрасының  
доценті, ҚМПУ*

**Сағидолла, Х.У.,**

*«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының  
4 курс студенті, ҚМПУ,  
Қостанай қ., Қазақстан*

**ЗАМАНАУИ ЖАСТАР МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ,  
КЕЛІСІМ МЕН БІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ**

**Түйіні**

*Мақалада заманауи жастар мәдениеті және толеранттылық, келісім мен бірлік құндылықтары жайында жазылған. Этносаралық қатынастар мен этникалық толеранттылық мәселесі қазіргі Қазақстанда маңызды болып саналады. Ксенофобияның көрінісі жастар арасында кеңінен байқалады, соның ішінде студенттер арасында, бұл жастардың әлеуметтануы және білім берудегі әлеуметтануының көрінісі. Сондықтан, мәдениет және білім қайраткерлері, ұлтаралық ынтымақтастық пен бірлікті сақтаудағы, гасырлар бойы көршілес тұрып келген ұлыстардың мәдениетіне, тарихына деген сыйластықты оятуда жауапкершілік дәрежесін түсіну керек. Өйткені, Қазақстан секілді үлкен мемлекет, қазіргі заманғы өзінің бірегей мәдениеті бар ұлттардың ортақ үйі болып саналатын ең ірі көп ұлтты мемлекеттердің бірі болып табылады.*

*Мақаланың мәнін ашатын сөздер: тәрбие, мәдениет, толеранттылық, қоғам, ұлт.*

**Кіріспе**

Еліміз егемендік алып, Тәуелсіз мемлекет ретінде дүниежүзілік қауымдастыққа танылып жаңа демократиялық қоғамның дүниеге келуі, Қазақстанда ғылым-білімнің жаңа бағытта сипат алуына кең жол ашып отыр. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» бағдарламасында, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, ақыл-ой, мәдени дамуының жоғарғы деңгейін және кәсіби

біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған оқыту мен тәрбие берудің үздіксіз процесі» деп атап көрсетілген. Серік Пірәлиев (2009).

Қазақстан қоғамы этникалық әртектілігімен ерекшеленеді. Ал, жастық, кәсіптік, профессионалды және этникалық әртектіліктің адамдар мен әлеуметтік топтар арасындағы өзара қарым-қатынастың сипатына өз әсерін тигізетіні түсінікті. Кей уақытта ол ашық түсінбестікке, тіпті қарсы тұруға әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда ондай қайшылықтарды болдырмайтын, олардың алдын алатын механизмдер жасау қажеттілігі туындайды. Міне, мұның бәрі қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтардың алдын алудың мүмкін жолдарының бірі – толеранттылық құбылысын терең қарастыруға жол ашады. Қазіргі кездегі әлемде орын алған әлеуметтік, дінаралық, ұлтаралық, т.б. қақтығыстар өршіп тұрған жағдайда ғалымдар тарапынан оны қалыптастырудың жолдарын іздеуге ерекше көңіл бөлінуі заңды.

Ал қазіргі дүниеде әлемдік аренада біздің еліміз ұлттар достығының ерекше моделі болып отырғанын ескерсек, ұлтаралық қатынастарда өзіндік жолымыздың бар екені даусыз. Қартбаев.Ж (2008).

## 2. Материалдар мен әдістер

Этникалық толеранттықтың негізгі критерийлері мен көрсеткіштері (Кесте 1). «Толеранттықтың» негізгі критерийлері мен олардың көрсеткіштеріне осы ұғымның өзіне анықтама бере отырып (толеранттық – адамдардың өзге мәдениет, ұлт, дін, әлеуметтік ортамен дұрыс қарым-қатынас орнату жолындағы шыдамдылыққа деген адамгершілік тұрғысындағы белсенді көзқарасы және психологиялық тұрғыдағы дайындығы) анықтауға болады.

Кесте 1 – Этникалық толеранттықтың негізгі критерийлері мен көрсеткіштері

Критерийлер	Көрсеткіштер
Жеке тұлғаның орнықтылығы	Эмоционалды тұрақтылық, қайырымдылық, кішіпейілділік, шыдамдылық, әлеуметтік жауапкершілік, өз бетінше әрекет ете білушілік, әлеуметтік релакция
Эмпатия	Әріптесіне деген сезімділігі, біреу үшін уайымдаудың жоғары деңгейлігі, кішіпейілділік, экстраверттік, рефлексияға қабілеттілігі
Ойлаудың дивергенттігі	Таптаурын әрекеттердің, соқыр нанымның, ақыл оралымдылығының, сыншыл ақылдың болмауы
Мінез-құлықтың икемділігі	Мінез-құлықтағы алаңдаушылықтың болмауы, мазасыздықтың, өзгелермен байланысқа, қарым-қатынасқа түсу қабілетінің, орын алған жағдаяттан шығудың жолын таба білу қабілетінің, мінез еркіндігінің, болжам жасай білудің, серпінділіктің болмауы.
Әлеуметтік белсенділік	Әлеуметтік өзіндік сәйкестендіру, әлеуметтік бейімделушілік, креативтік, әлеуметтік оптимизм, бастамашылдық.

## 3. Нәтижелер мен талқылау

Қазақстан бүгінде шамамен 5 жыл бұрынғы кезімен салыстырғанда, өмір сүру деңгейі біршама жоғары сатыдағы дамушы ел ретінде белгілі. Республиканың экономикалық қалыптасуы кезінде біздің Үкіметіміз әлеуметтік саланы да қараусыз қалдырмады. Көптеген мемлекеттік бағдарламалар іске асырылып жатты. Қазақстан БҰҰ(Біріккен ұлттар ұйымы)-на мүше болу арқылы «Дін немесе наным негізінде төзімсіздік пен кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы Декларация»; «Ұлттық немесе діни этникалық және тілдік азшылыққа тән адамдардың құқықтары туралы Декларация»; «Қандай да бір ұлтқа жату принципі бойынша кемсітушілікпен күрес жайындағы Конвенция және БҰҰ-ның білім, ғылым, және мәдениет жөніндегі ұйымының ұсыныстары»; «Нәсіл және нәсілдік жалған наным туралы БҰҰ-ның білім, ғылым, және мәдениет жөніндегі ұйымының Декларациясы»; «Жаппай қыру (геноцид) қылмысын ескерту және оған қолданылатын жаза туралы Конвенция» сияқты толеранттылықтың қалыптасуын қолдаушы халықаралық құжаттардың басымдылығын мойындады. Серік Пірәлиев (2009).

Өкінішке орай, өзіміз байқағандай, ал көпшілігі өзінің ащы тәжірибесінде сезінгеніндей, аталған құжаттар әрине маңызды, олар тіпті пәрменді (действенны). Алайда бұл шаралар қоғамның өз ішіндегі күнделікті проблемаларын шешуді қарастырмайды. Мысалы, өзге елден келген студентті көшеде тепкілеп жатқан жағдайда, аталған Декларациялардың қолданыста бар болғандығы қалайша жәрдем беруі мүмкін? Алайда, сонымен бір уақытта, аталған құжаттардың қолданыста бар екендігі оның түпкілікті қажетсіз екендігін білдірмейді, керісінше олар керек, тек басқа салада. Біздің заңнамаларымыз дәл осы халықаралық конвенция мен актілерге негізделген, алайда қазір әңгіме оқушылардың бойындағы толерантты сананың қалыптасуы жайында екендігін естен шығармау керек.

Сұрақтар, жоғары оқу орнының студенттердің мысалында, толеранттылық және толерантсыздық дәрежесін анықтауға мақсатталып құралған. Сол себепті дәлелсіз, бос сөз болмау үшін, берілген жауаптар бойынша сауалнамаға талдау жасаймыз. Сол талдаудың негізінде кішігірім зерттеу жүргізіп, алдағы уақыттағы жұмысқа қажетті қорытынды шығаруға болады. Сауалнамаға жауап берушілер ретінде 4-3 курс студенттері қатысты. Сейтешев А.П (2005)

Алынған мәліметтер толеранттылық терминінің түсінігін келесідей жолмен көрсетеді

Кесте 2 – Толеранттылық студенттер түсінігімен

<b>Толеранттылық терминінің түсіндірілуі</b>	<b>3-курс</b>	<b>4-курс</b>
Ұстамдылық, сабырлылық	47,3%	4,4%
Төзімділік	19,1%	35,6%
Әдептілік	11,5%	6,6%
Түсіністікпен қарау	7,0%	-
Тәрбиелілік	5,2%	22,3%
Сыпайылық	5,2%	26,7%
Анықтамасын берген жоқ	4,7%	-
Көнгіштік	-	2,2%
Өзгелерге деген құрмет	-	2,2%



Сурет 1 – Сұрақтардың нәтижелері

Анықтамадағы алдыңғы қатарлы орынды «Ұстамдылық, сабырлық» (3-курс) және «төзімділік» (4-курс) ұғымдары иеленген (Сурет 1). Орыс тілінің сөздігі аталған ұғымдарға келесідей түсініктеме береді:

- 1) Өзін-өзі ұстау – өзінді қандай да бір нәрсенің шегінде ұстай білу қабілеті;
- 2) Шыдамдылық – қандай да бір нәрсемен көнігу, нендей бір нәрсеге жол беру.


Келесі кему реттілігі бойынша сыпайылық, тәрбиелілік, әдептілік, түсіністікпен қарау тұрады. Ал өзгелерге деген құрмет пен көнгіштік, өкінішке орай, соңғы орында тұр. Түлектердің (4-курс) «Түсіністікпен қарау» ұғымын тіпті естеріне де алмағандықтары аландатады (сурет 1).

Тиісінше, студенттердің толеранттылықты қажеттілік ретінде қабылдаудағы көз-қарастары жайындағы біздің болжамымыз рас болып шықты, және біз мұнымен қандай да бір себептермен көнігуіміз керек.

Азаматтық қоғам құру үшін, осы қоғамға лайықты құнды бағыт-бағдарға ие азаматты тәрбиелеу керек. Мұндай адамға тән қасиеттердің ішіндегі маңызды болып ұлттық толеранттылық табылады – яғни, өзге ұлт өкілдеріне, олардың салт-дәстүрлеріне, мінез-құлық үлгілеріне шыдамдылықпен, ал ең бастысы түсіністікпен қарай білу. Ұлттық толеранттылық немесе толерантсыздық көп жағдайда ұлтаралық қатынастың сипатын анықтайды.

Респонденттерге өздерінің келісімін немесе наразылығын білдіруі керек 29 түсініктеме ұсынылды. Алғашқы 13 түсініктеме толеранттылықтың түрлі аясының көрсеткіштері ретінде құрылды, қалғандары – ұлттық интолеранттылық ретінде.

Төмендегідей толеранттылық анықтамалар ең жоғарғы пайыздық келісімге ие болды (сурет-2):



Сурет 2 – Сауалнама нәтижелері

- «Адам жайында оның ұлты бойынша емес, тек рухани және кәсіби сапасы бойынша ғана баға беру керек» (3-курс – 100%, 4-курс – 93,5%);

- «Ұлттық араздық туғызу – бұл жазалануы тиіс қылмыс» (3-курс – 100%, 4-курс – 93,5%);

- «Қазақстанда өз тіліңді, көзқарасыңды, дәстүріңді дамыту және сақтап қалу мүмкіндігі кең» (3-курс – 76,5%, 4-курс – 77,4%); Ә.Көкебаев (2011).

#### 4. Қорытынды

Қазіргі білім беру үрдісі жас ұрпаққа білімді ұтымды пайдалана алатын іскер, білгір де білікті етіп өсірумен қатар оның адамгершілік ішкі жан дүниесін, азаматтық тұлғасын, халықтық қасиеттерін орнықты түрде қалыптастыру болмақ. Соған орай, қазақ елінің болашағын айқындайтын, оның тұрақты даму деңгейіне көтеретін құндылықтар жас ұрпаққа Отан сүйгіштік тәрбие беру мен толерантты болу.

Жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелеп, мемлекетіміздің өркендеп, өсуіне жауапкершілік сезіміне, бауырмалдық сезіміне тәрбиелейтін ұлттық педагогикалық идеялар өзге ұлт өкілдеріне, олардың тіліне, мәдениеті мен өнеріне құрметпен қарау қасиетін қалыптастырып, Қазақстандағы ұлттар ауызбіршілігіне де өз септігін тигізіп елімізде тыныштық пен бейбітшілікті сақтауда аса құнды екені даусыз. Бұл толерантты парасаттың үлгісі. Сейтешев А.П (2005).

Қазақстан жас мемлекет болғанына қарамастан, біздің қоғамдағы сонау дала демократиясынан арна тартатын бастаулар елімізде өзара төзімділік және сыйластық қағидаларының әу бастан көрініс табуына негіз қалағаны белгілі.

Ұлттық толеранттылық біздің жалпы, тарихи мәдени кеңістігімізде қоғамды топтастыратын белгілі фактор болып отыр. Ұлтаралық қатынастарды, саяси тұрақтылықты реттеудің маңызды факторы. Толеранттылық саяси тұрақтылықтан, қоғамдық келісімнен, әлеуметтік

түсінушіліктен, елді басқаратын қатынастан, татулықтан, ұлтаралық келісімнен және саяси этникалық-діни мәдени толеранттылықтан тұрады. Осы құндылықтардың барлығы бірігіп, мемлекеттің тұрақты дамуын және рухани-мәдени келбетін қамтамасыз етеді. Алпысбайқызы Ақбаян (2011).

Қазақстандағы толеранттылық ата-бабамыздан, дәстүрімізден келе жатқан құбылыс. Біз басқа ұлттарды, этномәдениетті жатсынбайтын ашық этнос ретінде қалыптастық.

Ұлт болу үшін, елдігімізді сақтау, жерімізге ие болып қалу, тілімізді, дінімізді, мәдениетімізді сақтап қалу үшін бүгінгі жастарға жан-жақты тәрбие берілуі керек. Себебі ұлт болашағы жастар, бүгінгі өскелең ұрпақ. Сондықтан дұрыс тәрбиемен сусындаған, адал, ұлтжанды сонымен қатар басқа ұлт өкілдеріне сыйластықпен қарайтын, парасатты ұрпақ тәрбиелеу баршамыздың басты парызымыз екені айдан анық.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында: «Бүгінгі өскелең ұрпақ нағыз білімді, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген, нағыз өз елін сүйетін, ұлт жанды азамат болуы керек» – деп атап өтті. Серік Пірәлиев (2009).

#### Әдебиеттер тізімі

Ақыл – шырақ, білім – жарық [Мәтін] / Алпысбайқызы Ақбаян // Ана тілі. – 2011. – 21 б.

Жастарды толеранттылыққа тәрбиелеудегі білімнің рөлі [Мәтін] / Көкебаева Ә. // Мектептегі психология = Психология в школе. – 2011. – №11. – Б. 20–21.

Ұлттық тәрбие және жаһандану [Мәтін] / Пірәлиев Серік // Егемен Қазақстан. – 2009. – 8 б.

Изменение профессиональных и нравственных ценностей молодежи Казахстана [Мәтін] / Сейтешев А.П. // Білім = Образование. – 2005. – №5. – Б. 72–77.

Толерантты мінез-құлықты қалыптастыру мәселесіне тарихи-методологиялық талдау [Мәтін] / Қартбаева, Ж. // Мұғалім. – 2008. – №5. – Б. 20–22.

*Мәлімет редакцияға түсті: 03.04.2018*

**НУРМАГАМБЕТОВА, Л.И., САҒИДОЛЛА, Х.У.**

#### **СОВРЕМЕННАЯ МОЛОДЕЖНАЯ КУЛЬТУРА И ЦЕННОСТИ ТОЛЕРАНТНОСТИ, СОГЛАСИЯ И ЕДИНСТВА**

*В данной статье рассматривается современная молодежная культура и ценности толерантности, согласия и единства. Проблема межнациональных отношений и межэтнической толерантности в современном Казахстане относится к числу актуальных. Наиболее остро ксенофобия проявляется в молодёжной среде, в том числе и среди студенчества, о чем свидетельствуют социология молодёжи и социология образования. Поэтому все ученые, деятели культуры и образования должны хорошо понимать меру своей ответственности за проблемы воспитания населения в духе взаимного уважения и национальной терпимости, стремления к постижению истории, культуры и национальных особенностей народов, веками проживающих по соседству. Ведь именно такая Великая держава, как Казахстан, является одним из крупнейших многонациональных государств современного мира, объединившим разные национальности, обладающие своей неповторимой культурой.*

**Ключевые слова:** культура, воспитание, общество, толерантность, нация.

**NURMAGAMBETOVA, L. I., SAIDULLA, H.W.**

#### **MODERN YOUTH CULTURE AND VALUES OF TOLERANCE, HARMONY AND UNITY**

*In this article the modern youth culture and values of tolerance, the consent and unity are considered. The problem of interethnic relations and interethnic tolerance in modern Kazakhstan is among the topical. The most acute xenophobia is manifested in the youth environment, including among students, as evidenced by the sociology of youth and the sociology of education. Therefore, all scientists, cultural workers and educators should understand well the extent of their responsibility for the problems of educating the population in the spirit of mutual respect and national tolerance, the desire to understand the history, culture and national characteristics of peoples living for centuries in the neighborhood. After all, it is such a Great Power as Kazakhstan that is one of the largest multinational states of the modern world, uniting different nationalities with their own unique culture.*

**Keyword:** education, culture, society, tolerance, nation.